



Қош келдің, 2020 жыл!

SHAKARIM

SHANYRAGY

SHAKARIM YNIVERSITETI
SEMEI

2019 жыл №10 (122)
желтоқсан

Ақпараттық-танымдық басылым

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ!

ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Жаңа жыл - асқақ армандар мен жаңа үміттер ұялататын ерекше мереке.

Бір отбасындай ұйып отырған университет ұжымы 2019 жылы оқу орнының 85 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алып, мол жетістіктерге қол жеткізді.

Алдағы келе жатқан Жаңа жыл университетімізге құт-береке сыйлап, мол табыстарға кенелтсін!

Егеменді еліміздің келешегі кемел болып, халқымыздың береке-бірлігі, ырысы арта берсін!

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-дәулет, ел игілігі жолындағы жауапты қызметтеріңізге мол табыс тілеймін!

**Құрметпен, Мейір Ескендіров,
Шәкәрім университетінің ректоры**

ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ - «ПАРАСАТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында белгілі ғалым, ұстаз Арап Еспенбетов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды.

Еспенбетов Арап Сләмұлы – 1945 жылы бұрынғы Семей облысының Абай ауданында туған. 1965 жылы Семей педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген.

1967 жылдан Семей педагогикалық институтында оқытушы.

1972-1975 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университеті аспирантурасында оқыған.

1975 жылы көрнекті ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған.

1978-1992 жылдар аралығында Семей педагогикалық институтында факультет деканы, кафедра меңгерушісі.

1998-2007 жылдар аралығында М.О.Әуезов атындағы университеттің ректоры.

2011 жылдан Шәкәрім университетінің бірінші проректоры, аппарат жетекшісі, ректордың кеңесшісі.

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Еспенбетов - «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» (1987), «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің (2011 ж.), «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2012 ж.) төсбелгісінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2012 ж.), Абай ауданы және Семей қаласының құрметті азаматы.

АЙШОЛПАН ТАҒЫ ДА ТОП ЖАРДЫ

Қазақ Филологиясы факультетінің студенті Тілеутай Айшолпан Шымкент қаласында өткен «Тәуелсіз елдің жастары» атты жас ақындар айтысында **1-орын иеленді.**

Тәуелсіздік күні қарсаңында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен тартысты додаға еліміздің үздік деген 12 ақыны қатысқан еді.

Шығыс Қазақстан облысының намысын қорғаған Айшолпан үздіктер арасынан суырылып шығып, жеңіске жетті. Ақын қызымызды кезекті жеңісімен құттықтаймыз!



ХАН БАТЫРДІҢ АСҚАН ЕРЛІГІ жастар үшін үлкен тағылым

■ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ



Шәкәрім университетінде «Хан батыр Қабанбай» ғылыми-танымдық конференциясы өтті.

Қаракерей Қабанбай ерлігін жастарға түсіндіру, Қабанбай тұлғасы туралы ауызша және жазбаша деректерді жеткізу мақсатында

ұйымдастырылған шараға қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Құсман Шалабаев арнайы қатысты.

Шәкәрім университеті, Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы, Қазақстан самбо федерациясының бірлесе ұйымдастырған конференциясы қатысушыларға рухани тағылым беріп, тарихтан сыр шертті. Құнды дерек беретін баяндамалар оқылып, ақындар арнау арнап, рухты әндер шырқалды.

Конференцияға арнайы қатысқан қабанбайтанушы Марат Иманбердиннің баяндамасы әр қатысушыға жігер беріп, мақтанаш сезімін ұялатты.

Жиын барысында айтылған батырдың аңызға айналған ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып, жастардың отансүйгіштік қасиетін, еліне деген құрметін арттыратыны сөзсіз!

Қабанбай ерлігінің насихатталуына еңбек сіңіріп жүрген қоғам қайраткері Құсман Шалабаевқа университеттің «Шәкәрім» медалі табысталды.

Сонымен қатар университет ректоры Мейір Ескендіров «Қазақ тілі», «Самбо күресінің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен және «Елім деп соғар жүрегім» арнайы белгімен марапатталды.

Жастарды бірлікке, егемендігімізді құрметтеуге шақырған бұл жиын өз миссиясын жоғары деңгейде орындады.

■ МҰРА

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ШАРА

Шәкәрім университетінің Коворкинг орталығында «Заманауи киім мен ұлттық құндылықтар дәстүрдің жарқын жалғасы бола ала ма?» атты іс – шара өтті.

«Өнер және спорт» факультетінің ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты ұлттық киімдер, ұлттық әндер, қазақы салт-дәстүрді дәріптеу арқылы ұлттық құндылықтарымызды жастардың бойына сіңіру болды. Себебі, бойында ұлттық санасы бар



тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет.

■ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Шәкәрім университетінде Германия тәжірибесінің дуалды оқыту саласындағы мехатроника, логистика және қайта жаңартылатын қуат трансфері бойынша дәріс өтті.

ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ АСПАҚ



Семинар барысында Германияның кәсіби дуалды оқытуды ұйымдастырудағы тәжірибесі, Германияның кәсіптік оқу орындарында дуалды оқыту әдістемесі ұсынылды.

Семинар-тренинг Қазақстандағы GeKaVoc – логистика, мехатроника және тұрақты энергия бойынша дуалды тренингтердің трансфері жобасының қолдауымен ұйымдастырылды және Қазақстанда Герман моделіне негізделген білім беру-тренингтік орталықтарын құруға бағытталды.

Айта кетейік, аталған жобаны Германияның білім беру министрлігі қаржыландырады. Ал, грант беруші - Магдебург университеті.

«Қазіргі компьютерлік технологиялар, жаһандық үдерістер ғасырындағы жағдайда мәдени мұраны сақтау, оны келешек ұрпақтың санасына сіңіру әрбір халық үшін маңызды міндет.

«Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Бүгінгі шарадан студенттеріміз көптеген ақпарат алып, дәстүріміздің тарихымен кеңінен танысып, ризашылықтарын білдірді» - дейді факультет оқытушылары.

■ КЕЗДЕСУ



**АНА ТІЛІН
АРДАҚТАҒАН
ПРЕЗИДЕНТ**

Университеттің Қазақ тілін үйретудің халықаралық орталығына қазақ тілін жетік меңгеру үшін Еуропа қазақтар федерациясының президенті Мұрат Ермиш келді.

Айта кетейік, ағымдағы жылы университетімізде өткен «Білім құрылтайында» әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған қандастарымыздың арасында Мұрат Ермиш мырза да болған болатын. Араға көп уақыт салмай қазақ тілін, жазу емлесін үйрену үшін Еуропадан арнайы келген екен.

Қазақ филологиясы факультеті студенттерімен кездесіп, рухани серпіліс беретін әсерлі жиын өткізді. Еркін форматта өткен жиында қызықты әңгімелер айтылып, түрлі сауалдар қойылды.

Елім деген азаматтың: «Біз қазақ екенімізді мақтан тұтуымыз керек» - деген мотивациялық сөздері жастардың патриоттық сезімін одан әрі оята түсті.

Жиын барысында Шәкәрім университеті мен Еуропа қазақтар федерациясы арасында меморандумға қол қойылып, ынтымақтастық көпірі нығая түсті.

Мұрат мырза: «Болашақта балаларымыз да осынау рухани астанаға келсе» деген ниетін де жеткізді.

**ТУЫНДЫ АРҚАУЫ -
ҰЛТ ҚАСІРЕТІ**

Шәкәрім университетінде жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Досжан Сәуле Мағазбекқызымен кездесу өтті.

жазушының жары үш дәрежелі «Барыс» және «Даңқ» ордендерінің иегері, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев арнайы қатысты. Сондай-ақ, әдебиеттанушы,



Дулат Бабатайұлы атындағы ақындар мектебінің ұйымдастыруымен өткен кездесуде Сәуле Досжанның жақында ғана жарық көрген «Қасірет пен Тағдыр» кітабының таныстырылымы болды.

«Кітаптың басты мақсаты - Семей ядролық полигонының қасіретін жеткізу, қазақ халқының зұлмат заманды бастан кешкен мықты, қайсар ел екенін көрсету болды»- дейді автор өз сөзінде.

Өмірлік оқиғаға негізделген туындыны жазуға себеп болған

филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда, әдебиеттанушы Серік Елікбай, әдебиеттанушы, ТМД елдері бойынша әдеби агент Анар Қабылқаж және ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Семей өңірі филиалының төрағасы Мерей Қарт қатысып, кітап туралы ойларымен бөлісті.

Семей ядролық сынақ полигоны қасіретінен сыр шертетін кітап қатысушыларды бей-жәй қалдырмады.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТА
II ОРЫН ИЕЛЕНДІ**

“Геодезия және құрылыс” кафедрасының студенттері Челябинск қаласында өткен «Сенің әлемің- сенің жобаң» халықаралық чемпионатына қатысып қайтты.

Университеттің 4 курс студенттері арасынан құрылған “New Wave” және “Future” командалары бірінші іріктеу турынан кейін онлайн лиганың финалдық турына өтті.

Студенттердің жобалық қызметте тәжірибе алуы мақсатында ұйымдастырылған чемпионат жастардың бизнес жобаларды жоспарлаудағы шығармашылық белсенділік пен тәжірибелік іс-әрекет дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Ақтық кезеңнің қорытындысы бойынша “New Wave” командасы “Визит карточкасы” байқауы бойынша II орынға ие болды, сондай-ақ қос команда финалдық дипломдармен марапатталды.



2019 ЖЫЛДЫҢ



Шәкәрім шаңырағында «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жылдық мерейтойы аясында «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» - ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БАС БАСЫЛЫМЫ» атты «Акме» халықаралық ағартушылар клубының кеңейтілген отырысы өтті.



2019 жылдың 20–23 наурыз аралығында Шәкәрім университетінде еліміздің шығыс аймағында тұңғыш рет «Халықаралық Білім құрылтайы» ұйымдастырылды.



8-10 мамыр аралығында Шәкәрім университетінің делегациясы Лешно қаласындағы (Польша) серіктесіміз Ян Амос Коменский атындағы мемлекеттік жоғары кәсіптік білім беру мектебінің 20 жылдық мерейтойына қатысты.



25-28 мамыр аралығында Шәкәрім университетінде «Дидактикалық көпір: Еуропа-Азия» III халықаралық білім форумы өтті.



30 мамыр күні Шәкәрім университетінде ақын, Қазақстанның Еңбек Ері, қоғам қайраткері, саясаткер, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменовпен кездесу өтті.



7-9 маусым аралығында Шәкәрім университеті Германияның Мюнхен қаласында өткен дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайына қатысты.

Дәстүрлі мереке аясында Шәкәрім университетімен Люксембург, Австралия, Нидерланды қазақ қауымдастықтары арасында байланыс орнатылды.



27 маусым күні Шәкәрім университеті кітапханасында Coworking орталығының ашылу салтанаты өтті.

АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ



20 қыркүйек күні Шығыс Қазақстан облысына арнайы іс-сапармен келген Үкімет мүшелерінің жұмыс тобы құрамында болған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Шәкәрім университетінде болып, оқу орнының тынысымен танысты.



Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай жаңа форматтағы «Шәкәрім университеті - ашық алаң» циклі аясында көптеген іс-шаралар өткізілді.



29 қыркүйек күні Шәкәрім университетінің ұйымдастыруымен қаламыздың Орталық алаңында «Семей менің жүрегімде» дәстүрлі фестивалі өтті.



Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» кітабын университет ректоры студенттерге мерекелік сыйлық ретінде тарту етті.



23 қыркүйек күні Шәкәрім университетінде әйгілі «Қыз Жібек» көркем фильмінің басты кейіпкерлері аттары аңызға айналған кино-театр актерлары Асанәлі Әшімовпен және Меруерт Өтекешовамен кездесу өтті.



Студент-математиктер арасында Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ұстазы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Тұрлыханова Марзия Айтбайқызы атындағы олимпиада өтті.

■ ШЫҢДАЛУ

ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМ WORKSHOP ӨТКІЗДІ



Шәкәрім университетінде Экономика және менеджмент үшін Швейцария қолданбалы ғылымдар мектебінің ректоры Доминик Джордан жас оқытушыларға дәріс өткізу үстінде.

Университеттің топ-менеджерлері үшін өткізілген семинарлар және кәсіпкерлермен кездесуде екі дипломды швейцариялық бизнес-білім беру мүмкіндіктері ұсынылды. Сонымен қатар, профессор Доминик Джордан жастардың мотивациясы, тұлғалық және кәсіби өсуі бойынша воркшоп өткізді.

Айта кетейік, BBI және DBI арнайы оқыту бағдарламасы арқылы магистранттар мен докторанттар Экономика және менеджмент үшін Швейцария қолданбалы ғылымдар мектебімен тәжірибе алмаса алады. Сондай-ақ, студенттеріміз халықаралық менеджмент магистрі дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік алады.

Қолданбалы экономика және менеджмент, даму стратегиясының жаһандық көрінісі бойынша дәрістер жас оқытушыларға тәжірибе алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынуда.

■ ТАҒЫЛЫМ

«ҮШ АНЫҚ» АПТАЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Шәкәрім университетінде «Үш анық» апталығы өтуде. Бұған дейін біз Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай университет ректоры Мейір Ескендіров барлық факультетте болып, студенттерге Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» кітабын табыстаған еді.



Ендігі мақсат - сол кітаптың мазмұнын мән-мағынасын жастарға жеткізу.

«Үш анық» философиялық трактат болғандықтан кей студенттерге оны түсіну қиынға түсетіні белгілі. Сол себепті де арнайы даярланған мамандар бұл еңбекті студенттерге түсіндіріп, бірге талқылауды жөн көрді.

Қазақ филологиясы факультетінен бастау алған бұл үрдісті «Үш анық» еңбегінің жауапты редакторы Арай Жүндібаева «Үш анық еңбегі және жастар тәрбиесі» дәрісімен жалғастырды. Тарих және саясаттану оқу кафедрасының доценті Дана Жаркимбаева «Шәкәрімнің Үш анығы философиялық ілімі ретінде» дәрісін

университет магистранттары, докторанттары және оқытушылар құрамы арасында өткізді.

Сондай-ақ Дулат Бабатайұлы атындағы ақындар мектебі әрбір тарауына тоқталып, талдау жасады. Геодезия және құрылыс кафедрасы «Шәкәрім мұрасы «Үш анық» – рухы биік жастар жолы!» атты интеллектуалды ойын өткізді.

Кездесуге қатысқан студенттер еңбектің мазмұнына терең үңіліп, бірге талдады және сұрақтарын қойып, қорытынды пікірлер айтты. Тәлім-тағылым мол осындай іс-шаралар алдағы уақытта басқа факультеттің студенттерімен де өткізіледі деп жоспарлануда.



СТУДЕНТТЕР ЕУРОПА ЕЛДЕРІН ҚЫЗЫҚТАУДА

Польшаның Лешно қаласында білімдерін жалғастырып жатқан студенттер Польша елінің мәдениетіне қызығушылық таныта отырып, танымал Рыдзиннің құлпына экскурсия жасады. Экскурсия барысында осы құлыптың бай тарихы туралы біліп, 17 ғасырда салынған сарай архитектурасының барлық қырын сезіне алды.

Рыдзина қаласы, Лешно қаласына жақын орналасқан, шағын, бірақ Польшада өте танымал. Қаланың орталығында салынған XVII-XVIII ғасырлар сарайы оған даңқ әкелді, ол поляк барокко маржаны деп аталды.

Сондай-ақ, демалыс күндері студенттер Швецияға бару мүмкіндігіне ие болды. «Бірінші кезекте Лешно қаласындағы Яна Амос Коменский атындағы қолданбалы ғылымдар университетіне паромдық тасымалдау фирмасымен келіссөздер және пароммен саяхаттауға жеңілдік бергені үшін үлкен рахмет. Біздің барлығымыз үшін бұл паромда саяхаттың алғашқы тәжірибесі болды, біз паромдағы мейрамхана, асхана, дүкендер туралы біліп, таңқалдық» - дейді студенттер таңданыстарын жасыра алмай.

Айта кетейік, рейс Гданьск – Нюнесхамн бағыты бойынша Балтық теңізімен өтті.

Нюнесхамнге келгеннен кейін студенттер Швецияның мәдениетімен, өмірімен жақынырақ танысып, әдемі табиғат, дамыған экономика, жоғары өмір сүру деңгейі, тамаша атмосфераны сезіне білді.

Жыр айдынынан...



*Камет Мейіргүл
Мұралбекқызы -
Қазақ филологиясы
факультетінің
1-курс
магистранты.*



*Сейсек Мейіргүл
Төлеубекқызы -
«Қазақ тілі және
әдебиеті» мамандығы
бойынша 1-курс
студенті.*

АТАЖҰРТҚА АҚ НИЕТ

*Қара суы сезілген балдай тәтті,
Қараша үйде шыбын жаны дамылдапты.
Қайтарында қайран бабам туған жердің,
Топырағын жамылуды армандапты.*

*Жатта жүрген жат көзге жалынышты,
Елді аңсаудан үйренер сағынышты.
Қиырдағы қандастың хәлі мұң-ау,
Өртесе "Отан" деген жалын ішкі.*

*Добы десек Алланың адам басы,
Қайғы келсе қыр асар қарындасы.
Ес кіріп, етек жеңді жинағанда,
Қанат серпер қайырылып қарлығашы.*

*Қайғысы аз ба қалғаннан кеткендердің,
Білмеді-ау налып кімге, кектенерін.
Сынағыш пенделер де сын сағатта,
Арасын тіреп тұрмас көк пен жердің.*

*Біздерге бар алғысты төк демедім,
Бірақ сынау өз еркі көп пенденің.
Ақ батасын біздерге арнай жатар,
Құрбандары тағдыр дейтін от кемеңің.*

*Елге пайда бұлардан жоқ демегін,
Ниетіміз Атажұртқа ақ дер едім.
Бірге өссе Қажығұмар, Қабдештің ұрпақтары,
Құдай-ау, осы емес пе бақ дегенің?!*

ТАҒЫЛЫМ

*Қаламыммен жыр сайында өрістеген,
Толтырып поэзияны мол істермен.
Хакім Абай үлгісі мәдениеттің,
Сөздерімен білімге кеңес берген.*

*Тасытып білім деген ыдысты лық,
Шалқытып көңілдегі ынтаны нық.
Сөз мәйегін тереңінен түйістіріп,
Ұғынамыз әр жырын ақыл қылып.*

*Қара сөзі - байлығы қара қазақтың,
Әшкересі әрқайсысы мазақтың.
Ашылып білімнің қарашығы,
Ғаламаты ақыл ой даналықтың.*

*Талап, ақыл, қанағатты сүюге,
Ойды және рақымдықты түйюге.
Үйретеді бес жаманға жолаған,
Сірә, да оңбас білу керек бүгінде.*

*Әр жырлары өзгеше биік тұрар,
Сүрлеуін сөздерімен ерек салар.
Атамыздың ұлылығын сезінбесек,
Қазақтықтан ұялу керек шығар.*





ЧЕМПИОНМЕН КЕЗДЕСУ

Шәкәрім университетінде «Өнер және спорт» факультетінің студенті, ММА-дан Қазақстан, Азия, Әлем чемпионы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері – Жұматаева Талшынмен кездесу өтті.



Кездесуге Абай ауданы, Қасқабұлақ ауылының әкімі, ауыл мектебінің директоры, Талшынның ата-анасы арнайы өз құттықтауларымен келді. «Мақтан қума, бірақ бар күшіңмен мақтауға лайық әрекет жасауға тырыс» - деген сөздер Талшынның бойындағы мінезге сайып тұрғандай. Мұны Талшынды үлкен спортқа бағыттаған бапкерлерінің сөзінен аңғаруға болады.

Спорт әлеміндегі жеңістерімен әрдайым қазақ елін қуантып жүретін спортшы қыз өзін құттықтап келген қонақтарға және университет басшылығына алғысын білдірді.

Ал, біз Талшынға спорт әлемінде жеңіс тұғырынан көрініп, көк туымызды желбірете бер демекпіз!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы Ысқақов Қуаныш қазақ күресінен әлем чемпионы атанды.

Ақтөбе қаласында өткен әлем чемпионатында Қуаныш 66 кг салмақта бақ сынап, финалда Моңғол елінің спортшысын ұтып, жеңіске жетті.

Бапкері phd докторы Ержан Абылкасимов болды. Күресті жанына серік еткен спортшыларымыз өздері мықтылардың қатарында екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Спортшымызды кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

ЖЕҢІСКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Шәкәрім университетінің 1 курс магистранты Тұрсынғазиев Нұрлан Конфедерация кубогында қазақ күресінен жеңімпаз атанды.

Екі күн бойы бокс, грек-рим, таэквандо, қазақ күресі, дзю-до, еркін күрес және каратэ спорт түрлерін біріктірген конфедерация кубогы Алматы қаласында өтті. Қызылжар арландары спорт клубының сапында бақ сынаған студентіміз қарсыластарына дес бермей жеңіске қол жеткізді.

Айта кетейік, осы жарыстың бас төрешісі қызметін дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, халықаралық дәрежедегі төреші Болат Ажигитов атқарды.

Жеңімпазымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!



ЖАТАҚХАНАЛАР АРАСЫНДА ЖАРЫС ӨТТІ

Шәкәрім университетінде жатақханалар арасында волейболдан жарыс өтті.

Университеттің Студенттік парламенті және «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен жарысқа барлық жатақханадан 6 команда қатысты.

Жарыстың мақсаты жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Тартысты өткен турнирде ұлдар арасында:

1-орынды «Найманбаев» жатақханасының командасы,
2-орынды «Ертіс» жатақханасы,
3-орынды №1 жатақхана командасы иеленді.

Қыздар арасында:

1-орынды «Ертіс» жатақханасы,
2-орынды №1 жатақхана,
3-орынды «Найманбаев» жатақханасының командасы иеленді.
Құттықтаймыз!



Құрылтайшысы:
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Редактор
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы,
Глинка көшесі, 20 а,
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында басылып шығарылды.
Тел: 31-88-34
Семей қаласы, Глинка, 20 а
Таралымы 300 дана